

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 61-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі тоқсан қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтасын және келесі тоқсандағы айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2021 жылғы 19 наурыздағы  
№ 61-ө өкімімен  
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі**

Р/ с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам

1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМ	2021 жылғы сәуір	ҚБ. Рахымов
2.	"Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 мамырдағы 284 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМ	2021 жылғы сәуір	Қ. Б. Рахымов
3.	"Радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	ҚБ. Рахымов
4.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	Қ. Б. Рахымов
5.	"Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	Қ.Б.Рахымов
6.	"Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 45 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	Қ.Б.Рахымов
7.	Атом энергиясын пайдалану саласында лицензиялауға жататын ядролық материалдар , радиоактивті заттар және электрофизикалық қондырғылар үшін алып қою деңгейлерін белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	Қ.Б.Рахымов
8.	"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы	ЦДИАӨМ	2021 жылғы мамыр	Ә.Н.Тұрысов

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ЭМ - Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ